

**Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің
Ғылыми Кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Ғылыми кеңес жалпы басшылықты іске асыратын «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ РМК алқалық басқару түрлерінің бірі болып табылады;

1.2. Өз қызметінде Ғылыми кеңес Қазақстан Республикасының заңын, ҚР Білім және ғылым министрі м.а. 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесі қызметінің және оны сайлау тәртібінің Үлгілік қағидаларын, сонымен қатар, ЖОО Жарғысын басшылыққа алады;

1.3. Ғылыми кеңес қызметі құзырына жататын мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялағына негізделеді.

2. Ғылыми кеңестің құрамы, құрылымы мен сайлау тәртібі

2.1. Ғылыми кеңестің құрамына ректор, проректорлар, директорлар, кафедра меңгерушілері, бірқатар құрылымдық бөлімшелердің және қоғамдық ұйымдардың бастықтары, жетекші ғалымдар, магистранттар және студенттер жатады;

2.2. Ғылыми кеңес мүшелері ЖОО жалпы отырысында ашық дауыс берумен сайланады;

2.3. Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімімен сайланады және мүшелердің тақ сандарынан тұрады;

2.4. Ғылыми кеңестің төрағасы кеңес мәжілістерін өткізетін және шешімдерінің орындалуын бақылайтын ЖОО ректоры болып табылады. Төраға өзінің міндеттерін жоқ болған кезінде атқаратын төраға орынбасарын тағайындайды;

2.5. Ғылыми кеңестің жұмысын жүргізу және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету Ғылыми кеңеспен тағайындалатын ғылыми хатшыға жүктеледі;

2.6. ЖОО қызметтерінің әр түрлі бағыттары бойынша комиссияны қалыптастыруға құқылы;

2.7. Ғылыми кеңес мәжіліске кемінде оның мүшелерінің 2/3 қатысатын болса, шешімдер қабылдауға құқылы. Кеңес мүшелерінің мәжіліске келуі келу парағында олардың жеке қолдарымен расталады;

2.8. Ғылыми кеңестің шешімдері қатысушы мүшелерінің ашық дауыс берулерімен қабылданады. Жеке мәселелер бойынша Ғылыми кеңес құпия дауыс беру жолымен шешім қабылдай алады. Құпия дауыс беру үшін кемінде 3 адамнан тұратын санау комиссиясы құрылады;

2.9. Ғылыми кеңестің шешімдері кеңеске қатысушылардың жартсынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады;

2.10. Кеңестің шешімі ЖОО ректоры бекіткеннен кейін күшіне енеді;

2.11. Ғылыми кеңестің мәжілістері кеңестің төрағасымен және ғылыми хатшысымен бекітілетін хаттамалармен рәсімделеді;

2.12. Ғылыми кеңестің мәжілістері оқу жылы барысында айына ең көбі бір рет жүргізіледі;

2.13. Ғылыми кеңестің жұмысы әр жылға (семестрге) әзірленетін және Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі.

3. Ғылыми кеңестің негізгі міндеттері

3.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында ЖОО қызметін басқару.

3.2. Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз ету.

4. Ғылыми кеңестің негізгі өкілеттіктері

4.1. Университеттің оқулық, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие беру және қаржы-шаруашылық қызметінің аса маңызды мәселелерін шешу;

4.2. ЖОО Жарғысына ұсыныстар мен өзгертулер еңгізу;

4.3. ЖОО даму тұжырымдамасын анықтау;

4.4. ЖОО құрылымын бекіту. ЖОО құрылымдық бөлімшелерін құру, қайта құру және жою туралы сұрақтарын шешу;

4.5. Мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларын бекіту;

4.6. Оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиет басылымдарын тақырыптық жоспарын бекіту;

4.7. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие беру және халықаралық байланыстар негізгі бағыттары бойынша ЖОО дамытудың болашақ жоспарлары мен бағдарламаларын қарастыру және бекіту;

4.8. Ректордың, проректорлардың, құрылымдық бөлімшелердің бастықтарының есептерін тыңдау;

4.9. Диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен докторанттарға тақырыптар мен ғылыми жетекшілерді, кеңесшілерді бекіту;

4.10. Құрметті атақтарды, мемлекеттік және ведомстволық марапаттарды, айтулы стипендияларын беруге ұсынымдарды қарастыру;

4.11. Университеттің құрметті атақтары мен марапаттарын, айтулы стипендияларды тағайындау;

4.12. Мемлекеттік тілді және студенттердің тілдік дайындықтарын дамыту бойынша шешімдер қабылдау;

4.13. Инновациялық оқыту технологияларын және білімдерді бақылауды жүзеге асыру туралы негізгі ережелерді бекіту;

4.14. ЖОО ПОҚ қызметін рейтингтік бағалау ережелерін бекіту;

4.15. ПОҚ және педагогикалық кадрлардың біліктілігін жоғарылату туралы шешімдер қабылдау;

4.16. Студенттер мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін шешу;

4.17. ЖОО қызметін реттейтін негізін қалаушы нормативтік және құқықтық құжаттар жобасын қарастыру және оларға ұсыныстар еңгізу;

4.18. Бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану тәртібін, сонымен қатар, ақылы негізде қызме көрсету және шығарылатын өнімді жүзеге асыру арқылы табыстарды қайта инвестициялау бағыттарын қарастыру;

4.19. Студенттер құрамын қалыптастыру қорытындыларын талқылау;

4.20. Жаңа мамандықтарды ашу туралы ұсыныстарды қарастыру; ЖОО ішкі тәртіп ережелерін бекіту;

4.21. Алқалық шешімді қажет ететін басқа да сұрақтарды қарастыру.